



Жалағаш жаршысы



«zhalagash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады



КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯ: ӘР ПІКІР МАҢЫЗДЫ

Президент пәрменімен конституциялық реформа жөніндегі комиссия құрылып, екі бірдей жиын өтті. Алғашқы отырысы тікелей эфирден көрсетіліп, заң мен тәртіп қағидатына негізделген мәселелер көтерілді.

Мемлекетік кеңесші-Конституциялық комиссия төрағасының орынбасары Ерлан Карин Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобының атқарған ісіне тоқталып, Ұлттық құрылтайда көрсетілген бағыт-бағдарлардың маңызын атап өтті.

— Мемлекет басшысы «Еліміздің саяси жүйесінде Құрылтай атауын аса маңызды мемлекеттік институттың символы ретінде сақтап қалуымыз керек» деп нақты атап өтті. Шын мәнінде, жаңа кезеңде жаңа өкілеттікке және ерекше атауға ие болған Құрылтай қазақ жеріндегі парламентаризмнің тамыры тереңде жатқанын аңғартады, — деді Мемлекетік кеңесші.

Конституциялық сот төрағасы Эльвира Азимова аталған комиссияның алдында айрықша миссия тұрғанын тілге тиек етті.

— Конституциялық комиссияның алдында айрықша миссия тұр — бір жағынан конституциялық құрылыстың іргелі қағидаттарын сақтай отырып, екінші жағынан заманауи сын-қатерлерге қатысты өз ұстанымымызды толыққанды айқындауға мүмкіндік беретін Ата заңның тиісінше теңгерімін қамтамасыз ету, — деді Конституциялық сот төрағасы.

Жалағасы 2-бетте

Ішімдіксіз ауыл — қылмыссыз мекен



Өткен аптада аудан әкімі Ардақ Ибраимов Мырзабай ахуң, Т.Жүргенов және Жаңаталап ауылдық округтерінде болып, тұрғындармен кездесті. Кездесуге аудан прокуроры Талғат Бектұрсынов та қатысып, ауылдағы ағайынның ұсыныс-пікірлерін тыңдаған еді.

Аталған үш ауылда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Заң мен тәртіп» қағидаты аясындағы «Алкогольсіз ауыл» жобасының маңызы туралы айтылды. Әрі жобаның құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған тиімді әрі оң бастама екені кеңінен талқыланды.

Ауыл тұрғындары аталған бастаманы қолдайтындарың мұндай шараның қоғамдық қауіпсіздікті арттыруға, құқық бұзушылықтың алдын алуға және өскелең ұрпақтың жарқын болашағын қамтамасыз етуге зор ықпал ететінін жеткізді. «Алкогольсіз ауыл» жобасы бұған дейін де аудан ауылдарында кеңінен насихатталып келеді. Жоба біршама елді мекендерде сәтті жүзеге асты. Мысалы, былтыр қыркүйек айында Жалағаш аудандық прокуратурасының бастамасымен және жергілікті қауымдастықтың белсенді қолдауымен Таң ауылы ресми түрде ішімдіксіз ауыл мәртебесіне ие болды. Бұл бастама аясында ауыл кәсіпкерлері өз еріктерімен алкоголь өнімдерін сату лицензияларынан бас тартып, салауатты өмір салтын қалыптастыруға үлес қосқан болатын. Сондай-ақ мұндай игі қадам бұған дейін ауыл ақсақалдары, ел ағалары және жастардың ықпалымен Еңбек және Аламесек ауылдарында жүзеге асты. Сауда дүкендерінде спирттік сусындар сатылмайтын болды.

Мұндағы ұстаным — отбасылық береке мен тыныштықты нығайту. Қазір осы ауылдардағы мектеп, мешіт және мәдениет үйлерінде алкоголь зияны жайлы жиі айтылып, мазмұнды кездесулер ұйымдастырылады. Сондай ел ішіндегі той-мерекелерді ішімдіксіз өткізу дәстүрге айналғандай.

Айта кетейік, аталған жоба республика бойынша іске асып жатқаны белгілі. Көп қылмыстың бастауында тұрған зиянды ішімдіктен бас тартқан ауылдар әр өңірде де жетерлік. Ресми деректерде, Жамбыл, Түркістан, Солтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан Қарағанды облыстарындағы бірнеше елді мекен ішімдіктен бас тартқан.

Ал Қызылорда облысында 20-ға жуық ауыл салауатты өмір салтын ұстанатын елді мекендер қатарына енген. Олардың кейбіреуінде кейінгі үш жылда мүлде қылмыс тіркелмепті. Бұл — ауыл тұрғындарының қоғамдық қауіпсіздікті нығайтуға және салауатты өмір салтын қалыптастыруға деген ортақ мүддесі.

Дайындаған Е.БЕКМЫРЗА

Толгандырған тақырып

МӘМС-ТЕГІ ЖЕМҚОРЛЫҚ: МӘСЕЛЕ ҚАЛАЙ ШЕШІЛМЕК?

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі іске қосылғалы бері басынан дау арылған емес. Өйткені кейбір азаматтардың бұл жүйеге көңілі толмайды. «Ай сайын жалақыдан ұсталады. Бірақ барып ем алып жатқанымыз шамалы. Сонда аударылған қаржы қайда кетеді?» дейді ғой олар. Оның үстіне денсаулық үшін деп аударып жатқан қаржыңыз көлер жылға өтпейді. Тіпті белгілі бір жағдайға байланысты бір ай медициналық сақтандыруға қаржы аударылмаса, төлем жасалғанша сіз сақтандырылмаған деген санатқа енуіңіз ғажап емес.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әлеуметтік-медициналық сақтандыру қорын Қаржы министрлігінің қарамағына беру туралы Үкімет шешімін қолдады. Алайда мұндай қадамға не себеп болды? Қолдағы бар дерек көздеріне сүйенсек, Премьер-министр Мемлекет басшысының бюджет тәртібін күшейту жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында 2025 жылғы 18 желтоқсанда Қаржы министрлігіне тапсырма берген. Өз кезегінде Қаржы министрлігі Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының (ӘМСҚ) қызметіне талдау жүргізген. Ашығын айтқанда, аудиттік тексеріс жасаған.

Ел естімеген талай «қызық» бар

Аудит барысында кейбір ер адам әйелдерге арналған скринингтен өткен деген дерек анықталған. Ашығын айтқанда, пациенттің жынысына сәйкес келмейтін скринингтердің 769446 жағдайы тіркелді. Ол үшін медициналық ұйымдарға 1,8 млрд теңге аударылған көрінеді. Мәселен, Айкүп.kz-ке жарияланған Елдос Сөнбайдың «Ақ халатты» қаржыгер медицинаға пана бола ма?» атты мақаласында 768827 ер



коллекция жасаған Е.СОЗАНБАЕВ

адам әйел ауруларына (жатыр мойны обырына) скринингтен, 619 ер адам маммограммалардан өтті деп көрсетілгені жайлы ақпарат бар. Алматы облысындағы тек бір аудандық ауруханада осындай 11123 жағдай анықталыпты. Айтпақшы, аудит жасанды интелект арқылы жүргізілген деген де мәлімет бар.

Осы жылдың 21 қаңтарында өткен Үкімет отырысында бұрын жүргізілген ақпараттық медициналық жүйелерді талдау нәтижелері бойынша тиісті тексерулер басталып кеткені және кінәлілердің жауапқа тартылатыны айтылды. «Қаражатты пайдаланудың ашықтығы мен тиімділігін қамтамасыз ету үшін былғы 1 шілдеге дейін МСӨҚ ақпараттық жүйесін Денсаулық сақтау министрлігі жүйесіне енгізу тапсырылды», — делінген Primerminister.kz сайтында.

Қаржы министрі не дейді?

Осы жылдың 16 қаңтарында Үкімет басшысы Олжас Бектеновке Қаржы министрі Мәди Такиев Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының (ӘМСҚ) қызметіне жүргізілген талдаудың қорытынсын баяндады.

Талдау қорытындысы бойынша Қаржы министрі бюджеттік шығыстардың

өсуіне қарамастан (2026 жылы осы мақсаттарға арналған шығыстар 2,4 трлн теңгені құрайды, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 1 трлн теңгеге артық) Қордың тиімділігі артап тұрғанын жеткізген. Бұл ретте 2020 жылдан бері жинақталған инвестициялық табыс 588 млрд теңгені құрады, оның ішінде тек 2025 жылдың өзінде 195,9 млрд теңге болған. Талдау көрсеткендей, қаражаттың едәуір бөлігі қор активтерінде жинақталады және медициналық қызмет көрсетуге жұмсалмайды.

— Талдау қосарланған қаржыландырудың кең таралған 2 жағдайын анықтады. Біріңшісінде — жекеменшік медициналық ұйымдардың жұмыс беруші тарапынан ерікті медициналық сақтандыру бойынша және МӘМС қорының қаражаты есебінен бір мезгілде төлем алуы болса, екінші жағдайда — бір науқастың бір мезетте екі медициналық ұйымның базасында қатар тіркелуі, — деді Қаржы министрі.

Тағы бір айта кетерлігі, салық органдары медициналық ұйымдардың басшыларына камералдық бақылау жүргізіп, олардың табыстары мен сатып алған мүліктеріне талдау жасаған. Нәтижесінде 2024-2025 жылдар аралығында 1465 басшы 5 мыңнан астам жылжы-

майтын мүлік объектісін сатып алғаны, 912 адамның 1416 автокөлік иеленгені анықталды. Жекелеген басшылардың әрқайсысы 52-ден 124-ке дейін жылжымайтын мүлік объектісін және 14-тен 24-ке дейін автокөлік сатып алған.

Сонымен қатар Қор мен Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйелерінің, сондай-ақ нормативтік-құқықтық базасының шашыраңқылығы назарға алынған. Пациенттер мен медициналық ұйымдар бойынша бірыңғай деректер қорының болмауы қолданыстағы нормативтік базаның көп жағдайда халыққа медициналық көмек көрсетудің түпкі нәтижесіне емес жекелеген ұйымдардың (МӘМС, «СК Фармация») қызметтеріне байланыстырылуына алып келді. Медициналық ұйымдардың материалдық-техникалық базасы, жарақтандырылуы және кадрлық талаптары бастапқы расталғаннан соң одан кейінгі бақылау іс жүзінде жүргізілмейді. Бақылаудың алдын алу тетіктері құрылмаған, бұл медициналық ұйымдардың ТМҚКК және МӘМС құралдарын мақсатсыз пайдалануды дер уақытында болдырмауға мүмкіндік бермейді.

Жалағасы 2-бетте

Сараптама

ЖАСАНДЫ ТҮСІК: Таяқ боп тиетін қателік



сурет ашық дереккөзден

Қазақстанда жыл сайын 70 мыңнан астам аборт жасалады екен. Бұл — 2025 жылдың қазан айындағы дерек. Сол уақытта денсаулық сақтау министрлігіне қарасты Ана мен бала денсаулығын қорғау департаментінің директоры Мағрипа Хамитова осылай мәлімдепті. Сонда 70 мыңнан астам саби жарық дүниені көрмейді деген сөз ғой. Жасанды түсік жасататындардың басым көпшілігі 25-35 жас аралығындағы арулар деген де дерек бар. 70 мың деген аз емес. Үлкен бір ауданның халқымен тең. Былай қарасаң, жыл сайын бір ауданның халқын қырып тастағанмен бірдей. Бұл сан Жалағаш жұртынан анағұрлым көп. Оның үстіне түсік жасатқан әйелдің денсаулығы да сыр беруі мүмкін.

Жалағасы 4-бетте

Жалағасы 2-бетте

Құрылыс қарқыны тоқтамайды

Иә, мұны айту себебіміз бар. Біз білетіндей, Жалағаштың жаңаруы – құрылыстың қарқынды жүруінде. Жалпы 1970-1990 жылдарды ауданда өрлеу кезеңі болды десек қателеспейміз. Осы жылдар аралығында аудан экономикасы қарыштап дамыды, бірнеше әлеуметтік нысан салынды. Элеватор құрылысынан бөлек, аудан орталығынан аудандық мәдениет үйі бой көтерді. Сырдария өзеніне көпір салынды. Бірнеше мектеп пен ел мүддесіне керек құрылыстар бітті.

Кейінгі жылдары облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың бастамасымен тың жобаларды іске асыра бастаған Жалағаш ауданы даму көшінен қалмай келеді. Біткен шаруа жетерлік. Көп пен әр ауылға қажетті әлеуметтік нысандар саны жыл өткен сайын толығып жатыр. Ауданның құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің мәліметіне сүйенсек, елді мекендер ішіндегі инфрақұрылымды жаңарту ісі дұрыс жолға қойылған.

– Екі жыл бұрын Мырзабай ахун Т.Жүргенов, Есет батыр елді мекендерінің электр желілеріне қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, пайдалануға бердік. Сондай-ақ ауданның Еңбек, М.Шәменов ауылдық округіндегі электр желілерін қайта жаңғыртуға демеушілік есебінен жоба-сметалық құжаты әзірленіп, сараптамадан өтті. Бұл жұмыстардың қатарында кенттің теміржол желісінің оңтүстік бөлігіндегі тұрғын үйлер секторының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымының құрылысы да бар, – дейді құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Әкежан Біржан.

Оның сөзінше, Аққыр елді мекенінде дене шынықтыру алаңына облыстан қаржы бөлініп, құрылысы жүрген. Қажетті алаң билтыр шілдеде пайдалануға берілген. Бұдан бөлек, осы ауылға «Қазақстан халқына» қорынан 172 млн теңге бөлініп, аңғар типтегі спорт көшені тұрғызылыпты.



– Жергілікті бюджеттен қаржы қаралып, «Ақтерек» учаскесінің инженерлік-инфрақұрылымына жоба-сметалық құжат әзірленген еді. Құжат сараптамадан өтті. Сондай-ақ Есет батыр елді мекеніндегі ауызсу жүйесін жаңғыртуға да қаражат облыстан берілді. Мердігер мекеме «Бақ-Береке 2030» ЖШС құрылыс-монтаж жұмыстарын жүргізген болатын. Қазір республикалық бюджеттен бөлінетін қаржыны күтіп отырмыз. Ал билтыр қазан айында Жалағаш кентіндегі дене шынықтыру көшені пайдалануға берілді, – дейді білім басшысы.

Бұдан өзге аудан орталығындағы «Наурыз» жаңа қоныстану аймағы демеушілік есебінен (газ, ауызсу және электр желілері) толықтай қамтылған

болатын. Бұл жаңа қоныстану аймағына 100 пәтерлі 50 тұрғын үй салынып, өткен жылы кезекте тұрған халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына берілді.

Әкежан Алмасұлының айтуынша, Жалағаш ауданында құрылыс жұмыстары биыл да жалғасын табады. Құжаттары әзір болған сараптамадан өткен жобалар баршылық. Мысалы, кенттегі «Ақтерек» учаскесінің электр станция құрылысына, тротуар, тас жолының жоба-сметалық құжаты әзірленіп, облыстық салалық басқармаға бюджеттік өтінім тапсырылған.

– Қаракеткен мен Жаңаталап ауылында клуб құрылысының жоба-сметалық құжаттары сараптамадан өтіп, тиісті басқармаға бюджеттік өтінім

жіберілді. Аудан орталығынан қоқыс полигонын салу да жоспарланып отыр. Сондай-ақ стадионға жасыл алаң төсеу үшін аудан әкімі Ардақ Әбдіғаппарұлының бастамасымен Қазақстан футбол федерациясымен әріптестік байланыс орнатылып, екі жақты меморандумға қол қойылды. Осының арқасында стадион алаңына «Alan» жобасы негізінде қаржы бөлініп, қайта ауыстырылды, – дейді Ә.Біржан.

Сонымен қатар Жалағаш кентінің басқоспарына түзету енгізуге жеңілпаз мекеме «КАЗАХСТАНПРОЕКТ» ЖШС

болып анықталыпты. Бұдан өзге аудан орталығындағы «Наурыз» және «Дәуімбай-2» егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын әзірлеуді «Сантех-Строй Проект» серіктестігі жүргізбек. Қосымша Есет батыр, Мәдениет, Бұқарбай батыр елді мекендерін дамыту және құрылысын салу жобаларына да (оңайлатылған бас жоспар) тиісті өзгеріс енгізіледі.

Ержан БЕКМЫРЗАҰЛЫ

БАСЫ 1-BETTE



МӘМС-ТЕГІ ЖЕМҚОРЛЫҚ: МӘСЕЛЕ ҚАЛАЙ ШЕШІЛМЕК?



– Жүйеде үнемдеуге ынталандыру жолға қойылмаған: үнемделген қаражатты бюджетке қайтару құралдары қарастырылмаған. Тиімділікке емес, қаражатты игеруге деген мотивация орныққан. Тариф белгілеуде де белгілі бір проблемалар анықталды. Жүйеде 3 мыңнан астам тариф қолданылады, бұл медициналық қызметтерді әкімшілендіру мен бақылауды едәуір қиындатады, – деді министр.

Ұлттық құрылтайдың 5-ші отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев МӘМС жүйесіндегі былықты қатаң сынға алып, миллиардтаған қаржының «қағаз жүзінде» ғана халыққа жұмсалып, іс жүзінде біреулердің қалтасына көткенін баса айтты.

– Ел экономикасы үшін жұрт болып жұмылып жатқанда, әлеуметтік саланың қазынасындағы қаражатты тонап, құжаттарды қолдан жасағандар шықты. 2024-2025 жылдары медицинаға 7,8 триллион теңге (15,5 миллиард доллар) бөлінді. Ал сол қаржының басым бөлігі азаматтардың денсаулығын жақсартудың орнына, әлдекімдердің жеке мүддесіне қызмет еткен, – деген Президент осы былыққа жол бергендердің ешқайсысына аяушылық болмауы керектігін ескертті.

Премьер-министрдің орынбасары – мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева 21 қаңтардағы Үкімет отырысында Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі Қаржы министрлігіне берілгенін мәлім етті. Қазіргі уақытта Мемлекет басшысының тапсырмасына сай, құқық қорғау органдарымен бірлесіп «Заң және тәртіп» қағидатына сәйкес тексеру жүріп жатыр. Сонымен қатар жеке медицина және білім беру ұйымдарын қаржыландыру механизмдерін қайта қарау бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді. Осы шараларды жүзеге асыру арқылы ашық әрі нәтижеге бағдарланған жүйе қалыптасады.

Несін жасырамыз, медициналық қорға бүтін бір мемлекет халқының денсаулығы тәуелді болып отыр. Аталған қорды Қаржы министрлігіне беру арқылы Үкімет бақылауды күшейтпекші. Екінші жағынан деректерді өңдеуді бір жерге шоғырландыруға ден қойған. Бұл дегенің өнді қаржыгерлер емханалардың ісіне тікелей араласады деген сөз. Бұл іске салық органдарының қызметкерлері де араласуы бек мүмкін. Қабылданған шешімнің қаншалықты тиімді екенін уақыт көрсетеді.

Ә.ЖҰМАДІЛДӘУЛЫ

БАСЫ 1-BETTE



КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯ: ӘР ПІКІР МАҢЫЗДЫ

Комиссия отырысына жетекшілік өткен Конституциялық сот төрағасы бұл үдерістің маңызын айқындап, алдағы реформалар қоғамның сұрнына жауап беруге тиіс екенін атап өтті. Комиссия құрамына Парламент депутаттары, мәслихат төрағалары, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері, қоғам қайраткерлері, өңірлердегі қоғамдық кеңестер мен ғылыми қауымдастық өкілдері, сарапшылар енгізілді. Кеңес жұмысы Конституциялық реформаның мәні – формалды өзгерістерде емес, мемлекеттік басқару философиясын жаңартуда екенін тағы бір мәрте айқындады. Комиссия кеңесінің басты ерекшелігі – оның кеңейтілген әрі мазмұнды форматта өтуі. Жинға заң шығарушы және атқарушы билік өкілдерімен қатар азаматтық қоғам, ғылыми қауымдастық және сарапшылық орта тартылды.

Кеңес барысында Конституциялық реформаның негізгі бағыттары тағы бір мәрте сүзгіден өтіп, Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы ұсынған бірқатар бастамалар комиссия назарында болды. Атап айтқанда, мемлекеттік билікті бір палаталы Парламентке көшіру, Құрылтай институтын дамыту, Халық кеңесін құру, вице-президент лауазымын енгізу секілді мәселелер қарастырылды. Кеңейтілген құрамдағы Конституциялық комиссияның құрылы – осы уақытқа дейін атқарылған жұмыстың қисындары жалғасы, қоғамдық сұраныс берілген саяси жауап. Қазақстан Республикасының саяси жаңғыруының жаңа кезеңіне қадам басуы да осы кеңесте айқын сезілді. Мемлекет басшысы атап көрсеткендей, елдің әрі қарайғы дамуы институционалдық тепе-теңдікті нығайтуға, заң шығарушы биліктің тиімділігін арттыруға тікелей байланысты. Ал мұның барлығы конституциялық механизмдерді жаңарту арқылы ғана жүзеге асады.

Конституциялық реформаның аясында Ата заңның преамбуласын жаңғырту, оның мазмұнын уақыт талабына сай қайта өзгертуді мәселесі де күн тәртібіне шықты. Бұл бастаманы Парламент Мәжілісінің депутаты Үнізла Шапақ көтеріп, реформаның тек құқықтық емес, терең идеологиялық маңызын атап өтті. Депутаттың айтуынша, «Әділетті Қазақстан» идеясы мен оның өзегіне айналған «Заң мен тәртіп» қағидатын заң деңгейінде бекіту – мемлекет пен қоғам дамуының жаңа философиясын қалыптастырады.

Мемлекеттік кеңесі пропорционалды сайлау жүйесіне да тоқталып, оның партиялардың кадр саясатын дамытуға ықпал ететінін, саяси күштердің қоғам алдындағы жауапкершілігін күшейтетінін атап өтті.

Қазақстан Республикасы Президентінің құқықтық мәселелер жөніндегі көмекшісі Ерлан Жиенбаев Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысында Мемлекет басшысы ретінде бірнеше жыл бойы жүйелі түрде қалыптас-

тырылған саяси құрылымның үйлесімді тетігін ұсынғанын атап өтті. Оның айтуынша, Президент бірқатар елдерде қолданылатын вице-президент институтын енгізуді ұсынған. Мемлекет басшысының өзі бұл бастаманың басқару процесін тұрақтандырып, билік иерархиясын айқын әрі бірізді етуге мүмкіндік беретінін баса айтты. Күтіліп отырғандай, Вице-Президент жалпы депутаттар санының көпшілік дауысымен білдірілген Құрылтайдың келісімі арқылы Президент тарапынан тағайындалады. Вице-Президенттің құзіретін Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасының халықаралық қатынастардағы мүдделерін білдіру, Құрылтаймен, Үкіметпен және өзге де мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл барысында Президент атынан өкілдік ету функциялары жүктелмек. Сонымен бірге вице-президент өкілді органның депутаты болмауға, өзге де ақылы лауазымдарды атқармауға және кәсіпкерлік қызметпен айналыспауға тиіс. Өз өкілеттіктерін жүзеге асыру кезеңінде оның саяси партия мүшесі болуына да жол берілмейді.

Конституциялық комиссияның алғашқы отырысында өзге де батыл ұсыныстар айтылды. Республика адвокаттар алқасының төрағасы Мәди Мырзағараев Конституцияда адвокаттардың мәртебесін бекіту қажеттігін атап өтті. Сондай-ақ сот санкциясысыз ұстау мерзімін 72 сағаттан 48 сағатқа қысқарту, кінесіздік презумпциясы мен өзін-өзі әшкерелуге тыйым салу нормаларын күшейту ұсынылды. Бұл бастамалар азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды жаңа деңгейге көтеруге бағытталған. Сонымен қатар реформаның маңызды бағытының бірі ретінде шығармашылық ерікпінді пен сөз бостандығын қамтамасыз ету мәселесі де қозғалды. Жеке деректердің қорғалуы, отбасы мен неке институтын күшейту жөніндегі ұсыныстар да назардан тыс қалмады.

Айта кету керек, жиында айтылған бастамалардың барлығы өзінде ұсыныс деңгейінде. Түпкілікті шешім жалпыұлттық референдум арқылы, халықтың тікелей қатысуымен қабылданады. Комиссия мүшелері әрбір азаматтан түскен ұсынысты жіті қарап, қоғамдық пікірмен санасуға ниетті.

Комиссияның екінші отырысы конституциялық реформаға байланысты келіп түскен ұсыныстарды талқылауға арналды.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, «Ел бүгіншіл болмаса, келешегін түземейді». Комиссия отырысында көтерілген бастамалар дәл осы келешекке көз тігудің көрінісі. Бұл реформалар арқылы мемлекет тек басқару жүйесін өзгертіп қана қоймай, қоғамдық сананы да жаңғыртуға қадам жасап отыр.

Гүлжан ЕСЖАН

БАСЫ 1-BETTE

Түзетулер жобасы талқылануда



Астанада Конституциялық комиссияның екінші отырысында Ата заңға енгізуге ұсынылған түзетулер жан-жақты қаралды. Бұл түзетулер қоғам өкілдерінен, саяси партиялардан және сарапшылар қауымдастығынан келіп түскен көптеген ұсыныстардың барлығы ескеріле отырып қалыптастырылды.

ҚР Конституциялық Сотының төрайымы Эльвира Азимованың хабарлауынша, Комиссияға екі мыңнан астам ұсыныс келіп түскен, олардың барлығы біртұтас жинақталған кестеге біріктірілді.

– Азаматтар мен сарапшылардың бөлсенді қатысуы конституциялық реформаның жоғары қоғамдық маңызын растайды. Мұндай диалог форматы негізгі қағидатты айқындайды: конституциялық реформа ең алдымен халықтың мүддесі үшін және оның тікелей қатысуымен жүргізіледі, – деді Эльвира Азимова.

Отырыс барысында Әділет министрі Ерлан Сәрсембаевтың, Сенат депутаты Нұрлан Бекназаровтың және Мәжіліс депутаты Снежанна Имашеваның баяндамалары тыңдалды.

Атап айтқанда, Әділет министрі түзетулерді Конституцияның Үкіметтің, Конституциялық Соттың, прокуратура органдары мен сот билігінің жекелеген функцияларын, құқық қорғау тетіктерін, жергілікті өзін-өзі басқаруды, жекелеген аумақтарда арнайы құқықтық режим белгілеу қағидаттарын, сондай-ақ Конституцияға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібін реттейтін бөлімдері мен баптарына енгізу ұсынылып отырғанын айтты.

Оның айтуынша, түзетулердің жекелеген блогы болашақ бір палаталы Парламент – Құрылтайдың қызметіне қатысты болады. Мысалы, төрағаны тағайындау тәртібі, депутаттық корпус-ты қалыптастыру және өзге де рәсімдік мәселелер регламенттелді.

Үкіметтің функцияларын реттеу бөлігінде мемлекеттік бағдарламаларды бекіту, сондай-ақ мемлекеттік комитеттерге қатысты өкілеттіктерді алып тастау ұсынылады.

Сонымен қатар Конституцияда сот билігінің әкімшілік сот ісін жүргізу арқылы жүзеге асырылатыны тікелей көрсетілуі ұсынылады. Бұл құқық үстемдігі қағидатын нығайтуға және мемлекет пен азамат арасындағы нақты теңгерімді қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадамдардың бірі болмақ.

Ерлан Сәрсембаевтың айтуынша, ұсынылып отырған өзгерістер мемлекеттік жүйенің тиімділігін көшеңді түрде арттырады.

«Қоғам үшін бұл мемлекеттің сыртқы немесе ішкі жағдайларға қарамастан, дөйекті әрі құқықтық алаңда әрекет

ететініне деген болжамдылық пен толық сенімді білдіреді. Әлеуметтік міндеттемелер орындалады, экономикалық үрдістер жалғасады, халықаралық міндеттемелер сақталады», – деді әділет министрі.

Өз сөзінде Сенат депутаты Нұрлан Бекназаров бір палаталы Парламентке көшуге байланысты Конституцияның тиісті баптарына көптеген өзгерістер енгізу жоспарланып отырғанын атап өтті.

Ұсынылатын тәртіпке сәйкес, Құрылтай Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен бірінші жалпыұлттық сайлау округі бойынша пропорционалды өкілдік жүйесі арқылы сайланатын 145 депутаттан құралады. Депутаттардың өкілеттік мерзімі бес жылды құрайды.

Нұрлан Бекназаров сондай-ақ Конституцияға Халық кеңесінің өкілеттіктері туралы жеке бөлім енгізу оның айрықша маңызын айқындайтынына назар аударды.

– Халық кеңесі – Қазақстан халқының мүдделерін білдіретін жоғары консультативтік орган, оның құрамы Қазақстан Республикасының азаматтарынан қалыптастырылады. Халық кеңесін құру тәртібі, оның құрамы, өкілеттіктері және қызметін ұйымдастыру мәселелері Конституциялық заңмен бекітіледі, – деді ол.

Мәжіліс депутаты Снежанна Имашева Конституциялық комиссия мүшелеріне бірінші отырыстың қорытындысы бойынша әзірленген түзетулердің салыстырмалы кестесін таныстырды.

Оның айтуынша, жинақталған ұсыныстар Қазақстанның конституциялық құрылысының негіздерін нақтылау мен нығайтуға, жекелеген нормалардың құқықтық айқындығын арттыруға және құқық қорғау тетіктерін күшейтуге бағытталған.

Ерекше назар Преамбуланы күшейтуге, құқықтық және зайырлы мемлекет қағидаттарын бекітуге, адам қадір-қасиетін, өмір сүру құқығын, жеке бостандық пен көп сұғылмаушылықты, сондай-ақ жеке өмір мен дербес деректерді қорғауға аударылды.

– Ұсынылып отырған өзгерістер конституциялық нормалардың іс жүзінде қолданылуын күшейтуге және оларды түсінуде бірінші тәсілдерді қалыптастыруға бағытталған, – деп түйіндеді Снежанна Имашева.

“ЖОҚ” ақпарат

4 ӘЛЕУМЕТ

Сайлау – демократиялық қоғамның негізі

Дүниежүзілік сайлау күнін атап өту 2005 жылы ЕЕСҰҚ ұйымдастыруымен бастау алды. Өткен жылы 6 ақпанда бұл күннің 20 жылдығы атап өтілді. Негізінен дүниежүзілік сайлау күні ақпанның алғашқы бейсенбісінде атап өтіледі. Бұл реттіліктің де өзіндік мәні бар, өйткені халықаралық сайлау туралы келісімдерге ақпан айының басында қол қойылған.

Шындығында, сайлау күнінің өзіндік маңызы жоғары, яғни азаматтардың сайлау құқықтарын қамтамасыз ету, сайлау процесін жетілдіру мәселесіне қоғам назарын аударуға негізделген. Бір сөзбен айтқанда, демократиялық сайлаудың маңыздылығын ескере отырып, сайлаушылардың белсенділігін арттыруды көздейді.

Қазақстанда да сайлаудың маңызын халық толық түсіне бастады. Бұл елдегі саяси науқандардың әділ әрі ашық өтуінің нәтижесі деп түсінуіміз керек. Осыдан 5 жыл бұрын елімізде ауыл өкімдерін сайлау бастау алды. Сол уақыттан бері Жалағаш ауданының өзінде қаншама ауыл өкімін халық сайлады. Елді мекендер ішінде бірнеше рет өкім сайлауы өткен ауылдар да бар. Былтыр Жалағаш ауданында 7 ауылдық округ өкімдерін және 1 мәслихат депутатын сайлау өтті. Оның ішінде Қаракөткен, Бұқарбай батыр, Аламесек ауылдық округ өкімдерін сайлау жоспарға сәйкес өтті. Ал Аққыр, Еңбек және

Мәдениет ауылдық округ өкімдерін сайлау жоспардан тыс өтті. Сайлау науқаны кезінде 8 дауыс беру учаскесінде жалпы 61 саяси партия мен қоғамдық бірлестіктің байқаушылары және сенімді өкілдері қатысты. 23 сайлау учаскесінің 145 мүшесі қолданыстағы заңнама талаптарына сай сайланып, комиссия құрамы толықтырылып келеді. Бүгінде комиссия мүшелері арасында бос орын жоқ.

Облыстық сайлау комиссиясы мен оқу академиясының бірлескен көшпелі оқыту семинарына 62 аудандық және учаскелік сайлау комиссиясы қатысып, тәстілеуден өтті. Бұдан басқа аумақтық сайлау комиссиясы тарапынан сайлау комиссияларының мүшелерімен 21, сайлау процесінің басқа да қатысушыларымен 32 мәрте біліктілігін арттыру бағытында оқу-семинар өтті. Семинарға 194 адам қатысты. Сондай-ақ мүгедектігі бар адамдардың құқықтары мен қажеттіліктері бо-

йынша 212 сайлау комиссиясының мүшелері толық тәстілеуден өтті.

Сайлау жүйесін насихаттау бағытында бірқатар іс-шаралар жүзеге асырылды. Тарқатып айтсақ, дүниежүзілік сайлау күніне орай аудандық, округтік, учаскелік сайлау комиссиялары мен ардагерлер, студенттер және оқушылардың қатысуымен 7 іс-шара өткізіліп, 6 мәрте ақпараттық материал және әлеуметтік желілерге пост жарияланды.

Сонымен қатар ауданның аумақтық сайлау комиссиясы жанынан жас сайлаушылар клубы құрылып, ережесі бекітілді. Жас сайлаушылар клубының құрамы аудандағы белсенді жастар арасынан 7 адаммен жасақталды.

Ақпараттық қамтамасыз ету бағыты бойынша өткізілген ауылдық округ өкімінің сайлауы туралы ақпарат жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарына және аудан өкімдігінің ресми сайтындағы «Сайлау» бөліміне тұрақты жарияланып, күнтізбелік баннерлер, билбордтар, аудио-жазбалар сайлаушылар назарына тұрақты жеткізіліп келеді. Биыл өкілеттілігі аяқталатын 1 кент және 5 ауылдық округ өкімдерінің сайлауы өткізіледі.

Жалпы Жалағаш ауданының сайлау комиссиясы аудан төңірегінде саяси науқандардың

ашық әрі әділ өтуін қамтамасыз етуде нәтижелі жұмыс атқарып келеді. Бұл бағыттағы атқарылған жұмыс та лайықты бағалануда. Мәселен, 2024 жылы 1 қалалық және 7 аудандық сайлау комиссиялары арасында Жалағаш аудандық сайлау комиссиясының хатшысы Даша Қожақұлова «Үздік аудандық сайлау комиссиясының хатшысы» номинациясына ие болды. Сондай-ақ аудандық, учаскелік, округтік комиссия мүшелері Орталық сайлау комиссиясы төрағасының, облыстық сайлау комиссиясы төрағасының, аудандық сайлау комиссиясы төрағасының алғыс хаттары және «Құрмет» грамоталарымен марапатталды.

Жалпы сайлау тек үміткерлерге ғана емес, сайлаушыларға да үлкен мүмкіндік болып табылады. Сондықтан барлық сайлаушы саяси науқанның маңызын терең түсіне отырып, дұрыс таңдау жасауда жауапкершілікті бірінші орынға қоюы керек. Міне, осыдан-ақ саяси науқан барысында жауапкершіліктің қос тарапқа да қажеттігін анық байқауға болады.

Шарабан ҚАЛЫБАЕВ,
Жалағаш аудандық
сайлау комиссиясының төрағасы



Мына дүниеде сіз бен біз білмейтін көптеген қызықты құбылыстар мен факторлар бар. Әрине, қанша ел болса сонша мәдениет болады. Сондықтан да бәрін бірдей білу мүмкін де емес. Бүгін бірқатар қызықты жайттарды ұсынып отырымыз.

Әлемде талай қызық бар



- Жер бетіндегі халықтың жартысы ешқашан да қар көрмеген. Олар оны тек сурет пен кинодан ғана біледі.
- Эйфель мұнарасын әрбір жеті жыл сайын жаңадан бояп тұрады.
- Қытайда мұғалімдер оқушыларға сабақ үстінде 20 минуттай көз іліп алуға рұқсат береді. Демалып алған бала жақсы оқиды деп санайды.
- Жапонияның Осака қаласында аспалы автожолдардың бірі биік ғимарат ішінен, сонда орналасқан компанияның офісі арқылы өтеді.
- Америка Құрама Штаттарында 1913 жылға дейін ата-аналар балаларын әжесінің үйіне пошта арқылы жібере алған.
- Гиннестің рекордтар кітабына енген ең қысқа соғыс 1896 жылы 27 тамызда Ұлыбритания мен Занзибар сұлтандығы арасында болды. Бұл соғыс 38 минутқа созылды.
- Адам орташа өмірінің екі аптасын бағдаршамның жасыл түсі жанғанша күтіп откізеді.
- Гипопотам сүті қызығлт түсті.
- Әрбір бес адамның екеуі алғашқы махаббатына үйленеді екен.
- Исландияның астанасы Рейкьявик қаласында қар мен жаңбырдан кейін кектайғақ болмауы үшін тротуарлар жылытып тұратын жүйемен жасақталады.
- Гарри Поттер фильминдегі 13 жастағы оқушы қыз Плакс Митрл ролін 40 жастағы актриса Ширли Хендерсон ойнаған.
- Чарли Чаплиннің «егіздеріне» арналған конкурста Чарли Чаплин үшінші орын алған.
- Коала тәулігіне 18-22 сағат ұйықтайды.
- Суық мезгілде адам тырнағы екі есе тез өседі.
- Алма пюресі – ғарышкерлер ғарышта тұтынған алғашқы тағам.
- Алып пандалар күніне шамамен 12,7 келі бамбук тұтынады. Демек олардың әрбірі жылына 5 тоннадан астам бамбук жейді.
- Жержаңғақ – динамит жасау үшін қажетті ингредиенттердің бірі.
- Мысық тәтті нәрсенің дәмін тата алмайды.
- Плутон ғаламшарының көлемі Ресей территориясынан үлкен емес.
- Әлемде ең көп сатылатын тауар – Рубик кубигі, екінші орында – IPHONE.
- Көңгуру артқа қарай жүре алмайды.
- Теніз мысықтары ырақты сезіне алады. Олар – шапалақ ұратын жалғыз жануар.
- Ұйықтағанда ііс сезе алмайсыз, тіпті жағымсыз иісті де.
- Сөбилер үш айдан асқанша көзінен жас шықпай жылайды.
- Аспан әлеміндегі жұлдыздар саны жер бетіндегі құм түйіршіктерінен көп.
- Джон Рокфеллер жас кезінде 100 мың доллар табыс тауып, 100 жасауды армандады. Ол 97 жыл өмір сүріп, 192 млн доллар табыс тапты. Көріп отырғандарыңыздай, армандардың бәрі орындала бермейді екен.
- Токио қаласында жануарлар демалуы үшін зообақты жылына екі айға жауып қояды.
- Балалар орташа есеппен күніне 400 рет, ал ересектер 15 рет күледі.
- Телефонды ойлап тапқан Александр Грейам анасы және әйелімен бірде-бір рет телефонмен сөйлескен емес. Өйткені олар мылқау болды.
- Үйректерден қорқу – "анатидатефобия" деп аталады.
- Ешкінің көз қарашығы тік бұрышты.
- Құстар ғарышта өмір сүре алмайды. Себебі оларға тамақ жеуі үшін тартылыс күші қажет.
- Калифорния штатындағы Ливермор қаласында 100 жылдан аса уақыттан бері жанып тұрған лампочка бар. Дәлірек айтқанда, ол 1901 жылы орнатылған.
- Астронавтардың шлемдерінде қажет кезінде бетін, мұрнын силау үшін орнатылған арнаулы құрылғылар бар.
- Колибри – алға да, артқа да ұша алатын әлемдегі жалғыз құс.

Әзірлеген **Е.ӘНУАРҰЛЫ**

ЖАСАНДЫ ТҮСІК: Таяқ боп тиетін қателік

100 әйелдің 20-сы аборт жасатады

Статистикалық деректерге сүйенсек, елімізде әрбір бесінші аяғы ауыр әйел жүктілікті үзуге мәжбүр. Бұл 100 жүкті әйелдің 20-сы жасанды түсік жасатады дегенді білдіреді. Медициналық topdoc.kz сайтындағы дерекке сәйкес, Қазақстанда жүктілікті жасанды жолмен тоқтату әйелдің өз еркімен жасалады. Негізінен жүктіліктің 12-ші аптасына дейін одан бөлек әлеуметтік көрсеткіштер бойынша 22-ші аптаға дейін жүктілікті жасанды жолмен тоқтатуы мүмкін. Акушер-гинеколог Шакизат Халықова BAQ.KZ-ке берген сұхбатында жүктілікті үзудің екі әдісі барын айтқан. Ол: «Жүктілікті үзудің екі әдісі бар: медициналық және хирургиялық жол 12-22 апта аралығында жүктілікті үзу медициналық көрсеткіш бойынша, яғни ананың денсаулығына қауіп төнген немесе нәрестенің туа бітті ақауы болуы мүмкін жағдайда жасалады. Қазақстанда жүктілікті үзу ҚР Денсаулық сақтау министрінің бұйрығы бойынша медициналық мекемелерде жүргізіледі» деп маман ретінде пікір білдірген.

Денсаулығын ойлаған әйел жасанды түсік жасатпауы керек

Әлемдік медицинада құрсақтағы шараңа 3-4 аптаның өзінде тірі аға бولاتыны дәлелденген. Мамандар жасанды түсіктің әйел денсаулығына зиян екенін ескертпін-ақ келеді.

Медицина ғылымдарының кандидаты, жоғары санатты дәрігер, денсаулық сақтау ісінің үздігі Жұпар Нәханова «Егемен Қазақстан» газетіне денсаулығы мен болашағын ойлаған әйел жасанды түсік жасатпай, оның алдын алғаны жөн деп пікір білдірген.

– Жасанды түсік жасалғанда жүкті әйелдің гормоналды жүйесі табан асты жүріп келе жатқан жолынан жаңылып қалады. Осы гормоналдың гомеостаз – гормоналдық статустың бұзылуы әйелдің түрлі ауруға ұшырау ықтималдығын ұлғайтады. Жасанды түсік сайын әйел ағзасы соққы алады. Оның соңы жатыр миомасына айналуы мүмкін. Ал оған мән бермей миома ұлғая берсе, катерлі онкоауруға ұласады. Сондықтан денсаулығы мен болашағын ойлаған әйел жасанды түсік жасатпай, оның алдын алғаны жөн. Жүктіліктің өзін жоспарлап, аналық міндетіне жауапкершілікпен қараған әйелдің өзі де, ұрпағы да сау болады. Ағзасын тексеріп, тіпті тісін құрт жеп жатса да алдын ала емделгені жөн. Өйтпесе қаны аз, тісі түсіп, бүйрегі дұрыс жұмыс істемейтін әйелден қалайша сау бала туады? Қоғамда қазір туа бітті сырқат балалардың дүниеге келуі азар емес. Оның басты себебі – ана денсаулығының ақауында, – дейді жоғары санатты дәрігер.

Министр не дейді?

Қазақстанның денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарова 2025 жылғы 7 қазанда өткен Үкімет брифингінде елімізде жыл сайын шамамен 75 мың түсік жасалатынын айтқан.

Министр қазіргі таңда емханаларда әйелдерге заманауи отбасын жоспарлау құралдарын тегін алу мүмкіндігі жасалғанын тілге тиек етті. Оның сөзінше, денсаулық сақтау министрлігі мен жергілікті атқарушы органдар бұл жұмысты кеңейту бағытында жұмыс істеп жатыр.

– Қазақстанда жыл сайын шамамен 75 мың түсік жасалады. Отбасын



жоспарлаудың заманауи әдістері бар кезде бұл көрсеткішті азайтуымыз керек. Себебі әрбір аборт – әйелдің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіреді. Сондықтан денсаулық сақтау министрлігі жергілікті органдармен бірлесіп, нақты шаралар қабылдап жатыр. Қазір әлеуметтік осал топтағы әйелдерге қажетті құралдарды емханалар тегін береді, – деді министр.

Дін үкімі

Жасанды түсікке деген діниң үкімін білу мақсатында облыстық «Ақмешіт-Сырдария» мешітінің пәтуа бөліміне жауапты маман Айболат Төлебайұлына хабарласқан едік. Ол шариғат бойынша сөбілсіз жасанды түсік жасату харам екенін жеткізді.

– Жатырдағы балаға жан берілгеннен кейін түсік жасатуға тыйым салынады. Алайда сенімді әрі әділ бірнеше дәрігердің қорытындысы бойынша құрсақтағы бала ананың өміріне қауіп төндірсе, ананың өмірін сақтау мақсатында жасанды түсік жасатуға рұқсат етіледі, – деп жауап берді.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына қарасты fatua.kz сайтында түсік жасату жазықсыз бір адамның өмірін қиғанмен тең екені жазылған. «Ғалымдар ананың құрсағындағы бала 120 күнге жететін болса, яғни ол рух берілетін мерзім, онда құрсақтағы баланы түсіруге және жасанды түсік жасауға бірауыздан қатаң түрде тыйым салған. Абдулла ибн Масғуд (Алла оған разы болсын) жеткізген хадисте Пайғамбарымыз (Алланың оған сөлемі мен игілігі болсын) былай деді: «Сендердің әрбіріңнің ана құрсағында жаратылуларың қырық күннен тұрады. Ұрық алдымен (қырық күнде) тамшы, (қырық күнде) ұйыған қаң, сонан соң (келесі қырық күнде) кесек ет болады. Осыдан кейін ана құрсағындағы балаға періште жіберіледі де, ол балаға жан беріп, төрт нәрсені белгілейді: 1) ризығын; 2) қанша өмір сүретінін; 3) істейтін амалың; 4) бақытты не бақытсыз болатынын». Расында, түсік жасату жазықсыз бір адамның өмірін қиғанмен тең», – депінген fatua.kz сайтында.

Содан кейін бала көтере алмадың

Қыз-келіншектерге түсік жасатуға түрлі жағдай себеп болуы мүмкін. Ма-

Жылына 500 мыңға жуық әйел қайтыс болады

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметіне сүйенсек, бір рет түсік жасаққан анадан туған сәбидің көбі гематологиялық ауруға шалдығуы ықтимал. Ең өкініштісі, өмірге келмей жатып мүгедек болуы немесе туысымен шетілеп кетуі де мүмкін.

Статистикалық дерек бойынша Қазақстанда бала тууға қабілетті 4 млн-нан астам ару бар. Одан бөлек 1 млн-ға жуық жасөспірім қыз бар. Бұл сандарды неге тәпшіштеп айтып отырымыз?

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2015 “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Гүлжан ЕСЖАН

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ
Жалағаш аудандық “Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы
Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ